


Жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

- шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- орта кәсіпкерлік субъектілері;
- ірі кәсіпкерлік субъектілері.

Кәсіпкерлік субъектілері

көрсеткіштер	микро	шағын	орта	ірі
Қызметкерлердің орташа жылдық саны	≤15 адам	≤100 адам	≥100 адам және ≤250 адам	≥250 адам
орташа жылдық кіріс	≤30 000 АЕК	≤300 000 АЕК	≥300 000 АЕК және ≤ 3 000 000 АЕК	≥ 3 000 000 АЕК

2019 ж. 1 қаңтарынан бастап АЕК = 2 525 тенге

- 
- ***Кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі*** - кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық деректер базасы.

Дара кәсіпкерлік

- *Өзіндік кәсіпкерлікті* бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.
- *Бірлескен кәсіпкерлікті* жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерліктің нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;
- 2) шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғынжайға ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;
- 3) жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де нысандар болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалығы

- *Шаруа немесе фермер қожалығы* деп азаматтардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін пайдаланумен, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға бағытталған еңбек бірлестігін айтады.
- Шаруа немесе фермер қожалығы кәсіпкерлік қызмет ортақ бірлескен меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы нысанында немесе өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығы нысанында, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шарт негізінде ортақ үлестік меншік базасында жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы нысандарында әрекет мүмкін.

Шаруашылық серіктестіктер

- толық серіктестік;
- сенім серіктестігі;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- қосымша жауапкершілігі бар серіктестік.

Акционерлік қоғам

- **Акционерлік қоғам** - бұл өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға. Акционерлік қоғамның акционерлері заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда оның міндеттемелері бойынша жауапкершілік жүктемейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
- Акционерлік қоғамның акционерлердің мүлкінен өзге де оқшауланған мүлкі болады, өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде өзі жауапкершілікте болады және өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- Егер заңмен өзгеше көзделмесе акционерлік қоғамның барлық акцияларын бір акционер сатып алған жағдайда акционерлік қоғам бір адамнан құрылуы мүмкін.
- Акционерлік қоғамның құқықтық ережелері, акционерлердің құқықтары мен міндеттері Кәсіпкерлік кодексіне, заң құжаттарына сәйкес белгіленеді. Заңдарда көзделген жағдайларда, коммерциялық емес ұйымдар да акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылуы мүмкін.

Өндірістік кооператив

- Кәсіпкерлік қызметпен айналысу мақсатында азаматтардың жеке еңбегімен қатысу арқылы, сондай-ақ мүліктік жарналарын (пайларын) біріктіруіне негізделген азаматтардың ерікті бірлестігі *өндірістік кооператив* (ӨК) деп аталады.
- Өндірістік кооперативтің құрылтайшылары екеуден кем болмауға тиіс және кооперативтің міндеттемелері бойынша заңда көзделген мөлшер мен тәртіпте қосымша (біріккен) жауап береді.
- Кооперативтің мүшелерінің жалпы жиналысы оның жоғары органы болып табылады. Қажет болған жағдайда өндірістік кооперативте кооперативтің атқарушы органдарының қызметін бақылайтын қадағалау кеңесі құрылуы мүмкін, бірақ оның мүшелерінің өндірістік кооперативтің атынан әрекет етуге құқығы жоқ.

Франчайзинг

- Франчайзинг – бұл бренд пен бизнес-жүйесін сатудағы табыс табу әдісі. Бұл жердегі «франчайзер» – франшиза беруші, лицензиар, бас кәсіпорын иесі, ал «франчайзи» – франчайзиат, франшиза алушы, лицензиат, фирманың тұжырымдамасын сатып алушы.

Ішкі кәсіпкерлік орта

Ішкі кәсіпкерлік орта факторлары кәсіпкерлік құрылымдардың қаржы-шаруашылық қызметтерімен және сол қызметтер барысында қалыптасатын қатынастармен, байланыстармен тікелей байланысты.

- Ішкі кәсіпкерлік орта интеграцияланған жүйе ретінде мыналардан тұрады:
- меншікті капиталдың болуы және оның мөлшері;
- ұйымдық-құқықтық нысанды таңдау;
- кәсіпкерлік қызмет саласын таңдау;
- серкіктестерді таңдау;
- нарық туралы білім;
- қызметкерлерді, мамандарды таңдау және оларды басқару және т.б.

Ішкі кәсіпкерлік орта субъективті сипатта болады және көп жағдайда кәсіпкердің (лидердің) өзіне, оның біліктілігіне, басқара білу, өзгерістерге бейімделе білу сияқты жеке бас қасиеттеріне байланысты болады. Ішкі кәсіпкерлік орта ұжымдағы моральдық-психологиялық климатқа да байланысты.

Сыртқы кәсіпкерлік орта

- *Сыртқы кәсіпкерлік орта* – бұл кәсіпкерлік қызметке, оның қалыптасуы мен дамуына тікелей немесе жанама ықпал ететін сыртқы факторлар мен жағдайлардың жиынтығы.
- Сыртқы кәсіпкерлік орта кәсіпкерлік қызметті сыртқы реттеудің күрделі жүйесі болып табылады. Сондықтан дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін объективті сипатта болады, себебі олар сыртқы кәсіпкерлік ортаны (заңдар, табиғи-климаттық жағдайлар және т.б.) өзгерте алмайды, бірақ өз істерін жүргізу барысында ескерулері қажет.

Сыртқы кәсіпкерлік орта факторлары

Халықаралық	Халықаралық бәсекелестік. Әлемдегі әскери қақтығыстар. Терроризм деңгейі. Халықаралық көрмелер, конференциялар.
Саяси	Демократия деңгейі. Жекелеген елдерде болып жатқан саяси реформалар. Елдегі сыбайлас-жемқорлықтың, қылмыстық жағдайдың деңгейі.
Экономикалық	Инфляцияның орташа жылдық қарқыны. Елдегі қаржы жүйесінің жағдайы. Банктік пайыздар деңгейі. Елдегі жиынтық меншік құрамындағы жеке меншіктің үлес салмағы. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты салықтардың мөлшерлемесі. Инвестициялық климат. Көлеңкелі және криминалды экономика деңгейі.
Әлеуметтік-демографиялық	Елдегі тұрғындардың ішкі және сыртқы көші-қоны (миграциясы). Тұрғындардың табыс деңгейі, әлеуметтік жағдайы, білімі, жынысы, жасы бойынша (халықтың қартаюуы) құрылымы, құрамы.
Құқықтық	Кәсіпкерлікті дамыту қағидаларына сай құқықтық база. Кәсіпкерлікті реттейтін құқықтық акттердің сақталуын прокурорлық бақылау сапасы.
Сыртқы орта	Сыртқы орта факторлары
Экологиялық	Техногенді апаттар. Жекелеген қалалар мен аумақтардың экожүйесінің параметрлері. Мемлекеттің экологиялық бағдарламаларды қаржыландыру деңгейі. Экожүйенің жағдайын реттейтін құқықтық база.
Табиғи-климаттық	Климат. Табиғи апаттар. Табиғи ресурстардың қоры, олардың орналасуы.
Ғылыми-техникалық	Өнеркәсіптік өндіріс пен құрылыстың автоматтандырылу деңгейі. Елдің компьютерлендірілу, ғаламтормен қамтамасыздандырылу деңгейі. Жұмысшылардың жалпы санындағы ғылыми қызметкерлер санының үлес салмағы. Ғылыми мамандардың материалдық қамтамасыздандырылу деңгейі.